

12. Чернега Ю. Восстановление неконституционного порядка. Закон и бизнес. 2005. 26 ноября -2 декабря.
13. Козюбра Н. И. Принципы верховенства права и верховенства Конституции: Соотношение. Конституционное строительство в Украине: теория и практика. 2000. С. 33-34.
14. Кельзен Ханс. Чистый правоповедение: с доп. : Пробл. справедливости .Пер. с нем. А. Мокровольская. М. : Юниверс, 2004. С. 375.
15. Юридическая энциклопедия в 6 т. Ред. кол. : Ю. Шемшученко (отв. ред.) и др. М. : Рус. енцикл., 1998. Т.1. С. 342.
16. Аверьянова В.Б., Батанов А.В., Баулин Ю.В. Конституция Украины: Научно-практический комментарий и др. ; Ред.кол. Ций, В. Я. Битяк Ю. П., Денежный Ю. М.та др. М. : Изд-во «Право»; М. : Концерн «Издательский Дом» Ин Юре », 2003. С. 738.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ СИПАТТАМА**

*Мусилимова К. С.*

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының профессоры, з.ғ.к.*

*Билялова М.И.*

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының доценті, PhD доктор*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабында жергілікті өкілді органдар - мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер тұрғындарының ерік-жігерін білдіріп, ұлттық мүдделерді ескере отырып, оны жүзеге асыру үшін қажетті шараларды анықтайды және олардың орындалуын бақылайды [1].

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне ие болған сәттен бастап мемлекет пен қоғам өмірінде түбегейлі өзгерістер болды. Құқықтық, демократиялық мемлекетті қалыптастыру жолында адам құқықтары мен бостандықтары басты назарға иеленді.

Қазақстан Республикасын құқықтық мемлекет ретінде мінездейтін негіздердің бірі болып мемлекеттің – адамдардың құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық ретінде тануы табылады. Конституцияның бірінші бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» деп санайды және жоғары құндылық болып адам - оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары табылады.

Осы орайда айта кететін болсақ, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мәслихаттардың жергілікті атқарушы органдарға қатысты бірқатар бақылау өкілеттіктеріне ие болуын көздейді [2]. Алайда осы өкілеттіктер тізбесінде тиісті әкімдердің немесе әкімдіктердің актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру құқығы жоқ. Бұдан басқа, құқықтық актілерді шығару кезінде заңдылықты бұзу фактілері үшін әкімдерді жауапкершілікке тарту бойынша ұсынымдарды беру және қарау рәсімі белгіленбеген. Жергілікті мемлекеттік басқаруға арналған ғылыми зерттеулерде мәслихаттарда тиісті жергілікті атқарушы билік органдарының қызметіне Ықпал етудің нақты тетіктерінің болмауы фактісі байқалады және жергілікті өкілді органдардың бақылау функцияларын күшейту қажеттігі көрсетіледі. Л. Т. Жанұзақованың «жергілікті атқарушы билік органдарының қызметін бақылаудың әлсіреуі атқарушы аппарат тарапынан заңдылықты бұзуды күшейтудің факторы болуы мүмкін» деген пікірімен келіскен жөн [3, 33 б]. Өкілді органдардың бақылаудың қажеттілігі мен тиімділігі жергілікті басқару деңгейіндегі басқару тәжірибесімен де дәлелденеді.

Еліміздің «Қазақстан-2050» Стратегиясында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев» орталықсыздандыру – бұл ең алдымен мемлекеттік басқару жүйесін сапалы өзгерту, Жергілікті деңгейде проблемаларды шешу жүйесін өзгерту»[4]. Бұл нұсқаулар жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді шешуге азаматтарды белсенді тарту, жергілікті билік органдарының жұмысын бақылау қажеттігін өзектендіреді. Осыдан жергілікті өкілді органдардың жергілікті атқарушы билік органдары қабылдайтын құқықтық актілердің заңдылығына олардың ықпал ету мүмкіндігі тұрғысынан бақылау өкілеттіктерін күшейту қажеттігі туындайды.

Олай болса, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың қазіргі жүйесіне қарамастан, заңнамада жергілікті өкілді және жергілікті атқарушы органдар қабылдайтын актілердің өзара арақатынасы кезінде өзін танытуға тиіс тежемелік пен тепе-теңдік тетігі толық көлемде көрсетілмеген. Осыған байланысты мемлекеттік басқару саласындағы беделді ғалымдар Г. В. Атаманчук: «өкілді органдар (барлық деңгейдегі) атқарушы органдарды бақылай алуы қажет, ал өз кезегінде, бірінші шешімдердің дау айту құқығына ие болуы қажет». Осы жерден ымыраға, заңдылыққа және заңдардың және өзге де құқықтық актілердің оңтайлы нұсқаларын іздеуге апаратын келісу рәсімдері пайда болады [5, 312 б]. Біз бұл ұстанымды бөлісеміз және мәслихаттардың бақылау өкілеттіктерінің тізбесін жергілікті атқарушы органдардың құқықтық актілерінің заңдылығын бақылау жөніндегі құқықпен толықтыруға барлық негіз бар деп есептейміз.

Қазіргі таңда қолданыстағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына мәслихат әкімдік қаулыларын және (немесе) әкімнің шешімдерін, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе немесе қаржылық, материалдық және ұйымдастырушылық құралдармен жеткіліксіз қамтамасыз етілсе, тоқтата тұруды талап етуге құқылы екендігі туралы норманы енгізуді ұсынамыз». Бұл туралы дәлелді ұсыныс тиісті Қаулы, шешім қабылданған сәттен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей енгізіледі. Ұсынымды енгізу қаулының, шешімнің орындалуын тоқтата тұрады. Егер әкімдік (әкім) ұсынысты, дау айтылып отырған қаулыны, қаулыға, шешімге сот тәртібімен шағым жасауы мүмкін».

Демек, олар бойынша облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі заңдарға сәйкес, мысалы, өз аумағын дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, бюджетті, сондай-ақ оның атқарылуы туралы есепті әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне ұсынып, олардың орындалуын қамтамасыз етеді; коммуналдық меншікті басқарады; азаматтар мен ұйымдардың Конституцияның, заңдардың және басқа құқықтық актілердің нормаларын орындауына жәрдемдеседі; кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдай жасайды; сонымен бірге заңдарда оның аграрлық сектордың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, құрылыс, жер, су, электр, байланыс, жол, экология, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жөніндегі нақтылы міндеттері мен өкілеттіктері белгіленген. Бұлардың сыртында өкімдік қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастырады; мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар құрады, заңдармен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазіргі қолданыстағы заңнамада рәсімдік сипаттағы басқа да мәселелер бекітілуі тиіс, өйткені мысалы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 6-тармағының [2] тармақшасында көзделген мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдарын жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстарды тиісті органдарға енгізу құқығы оны іске асыру рәсімдерін көздемейді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңында осы ұсынысты қарау үшін он күн мерзім белгілеу қажет деп ойлаймыз.

Жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі өзекті міндеттердің бірі кәсіпкерлікті мемлекеттік әкімшілендіруді нақты қысқарту жөніндегі бағытты жалғастыру, өңірлік деңгейде кәсіпкерлікті одан әрі жақсартуға бағытталған нормативтік құқықтық актіні қабылдау үшін нақты шаралар әзірлеу болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жергілікті өкілді органдар үшін «Жергілікті өзін-өзі басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған өкілеттіктерге сәйкес тиісті аумақты дамыту жоспарлары, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың орындалуы туралы есептерді бекіту кезінде, оған қоса аймақтағы кәсіпкерлікті дамыту сияқты өзекті мәселелерге назар аудару керек. Жергілікті өзін-өзі басқару деңгейінде мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу міндеті де өзекті болып табылады.

Қорыта келгенде, жергілікті өкілді органдар, жергілікті бюджеттің тиісті аумағын дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын және олардың орындалуы туралы есептерді бекіту кезінде, мысалы, келу және ішкі туризмді дамыту, өңірлік бюджеттерге шағын және орта бизнестен корпоративтік табыс салығын беру, аудандық маңызы бар қалаларда дербес бюджет пен коммуналдық меншікті тиімді пайдалану есебінен өңірлердің өз кірістерінің өсуін ынталандыруға күш-жігерді шоғырландыруы тиіс және халық саны 2 мыңнан астам ауылдарда және ауылдық округтерде азаматтардың өтініштерін есепке алу үшін қазіргі заманғы сандық технологияларды енгізу қажет деп есептейміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы, <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000148>
3. Жанузакова Л.Т. Конституционно-правовые проблемы организации и деятельности местных представительных органов в РК. -Алматы, 2003.- 339с
4. Қазақстан Республикасының Президенті-Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <http://adilet.zan.kz/rus/>
5. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления.-Изд-во "Омега -Л", 2004.- 312с.

### **ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ И ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АГЕНСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА В СВЕТЕ РЕФОРМИРОВАНИЯ БАНКОВСКОЙ СИСТЕМЫ**

*Нурбекова Г. Т. м.ю.н., старший преподаватель кафедры конституционного и международного права Карагандинского университета имени Е.А.Букетова*

*Аманбекова Ә.Е., студентка 3 курса юридического факультета Карагандинского университета имени Е.А.Букетова*

Банковская система является одним из основных элементов экономической системы любого современного государства, которая в свою очередь выступает важным звеном международной кредитной системы, в которой сконцентрированы все виды кредитно-финансовых операций, благодаря чему к ней не ослабевает интерес, как со стороны государственного управления, так и ученых, ведущих исследования в области права.[1]